

Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі, Бәйтерек елді мекеніндегі Наурыз көшесі Сайфулла, Тәуелсіздік, Жүзтерек көшелерінен егістік алқаптарына дейін шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 50 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 наурызда № 5498 болып тіркелді. Күші жойылды -Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 64 шешімімен

Сноска. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 26.05.2020 № 64 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 02-03 /106 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тексеруге өткізілген бір бас күшіктің бас миының сынамасынан "Құтырық" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты, Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі, Бәйтерек елді мекеніндегі Наурыз көшесі Сайфулла, Тәуелсіздік , Жүзтерек көшелерінен егістік алқаптарына дейін шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Жетісай ауданының "Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3) Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және Құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізуші ұйымындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банккіне енгізу үшін жіберуді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің орынбасары Б.Оспановқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ж.Ералиев ауылдық
округі әкімінің м.у.а.*

К. Акишев